

**Панфилов ауданының әкімдігі «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін аталған мемлекеттік органның мемлекеттік қызметкерлері арасында ішкі конкурс жариялайды**

**Индекс 041300, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Головацкий көшесі №129, анықтама телефоны/факс: +8(72831) 5-52-03, 5-16-73. Электрондық пошта: panfilov.akimat@zhetysu.gov.kz, БИН; 050640005744**

**1. «Панфилов ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, Е-R-1 санаты (1 бірлік), (№03-14-01) индексі, еңбек сіңіргеніне байланысты лауазымдық қызметақысы – 142 461 теңгеден 192 366 теңгеге дейін құрайды :**

Үміткерге қойылатын талаптар:

**Білімі:** Жоғары: сәулет, құрылыс салалары.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-R-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-R-3, Е-G-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-R-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-R-3, Е-G-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-R-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-R-3, Е-G-1 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдарының орталық деңгейдегі лауазымдарында немесе облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі басшылық лауазымдарында, немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының басшылық лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған

жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда бір жылдан кем емес;

б) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;\*\*

7) ғылыми дәрежесінің болуы.\*\*

\*\* Ескертуге: осы талап "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жалпы конкурсқа қатысушылар үшін қойылады.

**Функционалдық міндеттері:** Сәулет және қала құрылысы бөлімінің қызметін ұйымдастыру және басшылық жасау. Бөлімнің құзырына енетін Президент Жарлықтарының және лауазымы жоғары тұрған органдар қаулылары мен шешімдерінің, аудан әкімі өкімдерін жүзеге асырылуын ұйымдастыру және бақылау. Сәулет және қала құрылысы қызметін жүзеге асыруда азаматтар мен қоғамның қолайлы әрі экологиялық жағынан қауіпсіз ортада өмір сүріп, тіршілік етуін, жобалау және құрылыс қызметін қолдануда құқықтарын қорғау, аудан ішіндегі құрылыстың сенімді және қауіпсіз болуын қамтамасыз ету.

Бөлімнің бюджеттік бағдарламаларымен жұмыс жасау, қаржылық жоспарларын бекіту және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру. Қаржыландыруы облыстық, аудандық бюджет арқылы немесе оның қатысуымен жүзеге асырылатын құрылыстарды, ғимараттар мен құрылыс нысандарын, инженерлік техникалық қайта жасақтау, жетілдіру, қайта жаңарту, қалпына келтіру және күрделі жөндеу, сондай-ақ аумақты абаттандыру, көгалдандыру үлгілі күйге келтіру, салынып бітпеген нысандар құрылысын белгілі бір мезгілдерге консервациялап тоқтату, ескі нысандарды пайдалану немесе кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы ұсыныстар енгізу және оларды зерделеу. Аудандық сәулет және қала құрылысы кешенін дамыту жөніндегі мақсатты инвестициялық бағдарламалардың әзірленуіне және енгізілуіне, аудандық бюджет қаржысы есебінен немесе оның қатысуымен жүзеге асырылатын, бекітілген бас жоспарлар бойынша құрылыс жобаларының орындалуына бақылауды жүзеге асыру. Тарихи, сәулеттік және мәдени мұра ескерткіштерін сәулет және қала құрылысы амалдары арқылы сақтап қалуды, дамытуды қамтамасыз ету. Жобалау және құрылыс салу өнімдерінің ішкі нарығын қорғау, ауданның ішінде өндірілетін жобалау және құрылыс өнімдерінің сапасын бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатуға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру. Мемлекеттік тілді білу, компьютерлік бағдарламаларда жұмыс істей білу.

**2. «Панфилов ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е-Р-1 санаты санаты (1 бірлік), (№03-19-01) индексі, еңбек сіңіргеніне байланысты лауазымдық қызметінің қысқартылуы – 142 461 теңгеден 192 366 теңгеге дейін құрайды :**

Үміткерге қойылатын талаптар:

**Білімі:** Жоғары: экономикалық, қызмет көрсету (көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру), техникалық ғылымдар (көлік,

көліктік техника және технологиялар, машина жасау, автомобиль жолдары) салалары

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдарының орталық деңгейдегі лауазымдарында немесе облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі басшылық лауазымдарында, немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының басшылық лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-5, С-4, С-О-4, С-Р-2, D-4, D-О-3, Е-3, Е-Р-3, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда бір жылдан кем емес;

6) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;\*\*

7) ғылыми дәрежесінің болуы.\*\*

\*\* Ескертуге: осы талап "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жалпы конкурсқа қатысушылар үшін қойылады.

**Функционалдық міндеттері:** Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімін басшылыққа алу, жоғарғы тұрған органдардың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары жұмысын дамыту мәселелері жөніндегі шешімдері мен жарлықтарының орындалуын қамтамасыз ету, кәсіби құрылымдарымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жұмысын бағыттау және үйлестіру, бөлімді қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық органдармен ұйымдарда ұсынады, өзінің құзырлығы шегінде бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді

Жолаушылар көлігі және жүк тасымалдау, сол сияқты жалпы қолданыстағы жергілікті мәні бар автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты жүргізу. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында елді мекендердің тұрақты дамуы мен іске асыру басымды бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелері жөнінде нормативтік-құқықтық актілерінің іс-шараларын келісу және әзірлеу, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында жоғары технологиялар мен жаңа техникаларды енгізу, қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды әзірлеу, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында бірыңғай техникалық саясатты жүргізу.

Мемлекеттік тілді білу, компьютерде жұмыс жасай білу.

**3. «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Е-R-4 санаты (1 бірлік), (№03-12-04) индексі, еңбек сіңіргеніне байланысты лауазымдық қызметақысы – 73266 теңгеден 99103 теңгеге дейін құрайды**

Конкурса қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі: Жоғары, орта білімнен кейінгі кәсіптік білім: ауылшаруашылық, ветеринария, салалары, мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі. Жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

**Функционалдық міндеттері :** Мал шаруашылығы саласы бойынша аудан көлеміндегі барлық меншік түрі бойынша малдың санын, өнімділігін, сапасын ұлғайту, бақылау жұмыстарын жүргізу. Мал шаруашылығынан алынатын өнімді молайтып, алатын өнімнің сапасын жақсарту. Ол үшін малдың тұқымын асылдандыру бағытында жұмыстар жүргізу. Мал басының өсіп жетілуіне қолайлы жағдай жасау жолдарын қарастыру. Ауданымызға жергілікті жерде өсуіне қолайлы мал түрімен айналысуға бағыт- бағдар беру жұмыстарын жүргізу. Мал өнімдерді жәрмеңкелерде, әлеуметтік дүкенде сатуды ұйымдастыру. Малдың басын өсіру және алатын өнімді молайту. Аудан көлеміндегі асыл тұқымды малдардың санын анықтап, оның үлес салмағын арттыру үшін нақты, тұрақты жұмыстар жүргізу, реестрге тіркеу, сатып алуды ұйымдастыру. Талдықорған қаласында қымызхана қою, жұмысын ұйымдастыру. Ірі қара малын қолдан ұрықтандыруда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізіп, бағытында жұмыстар жүргізіп, облыс тарапынан берілген тапсырмаларды орындау. Бұл жұмыстың сапасына ерекше көңіл бөлу. Сүт фермаларды, мегафермаларды салуға инвестр іздестіріп, салуды ұйымдастыру. Мал

бордақылау жұмыстарын жүргізу. Ет, сүт өңдейтін цехтардың жұмыстарын қадағалау, жүн, тері өткізу мақсатында жүн, тері өңдеу фабрикасымен байланыс орнатып, екі жақты тиімді жұмысты ұйымдастыру. Асыл тұқымды мал өсірудің шаруашылықтар, олардың жыл басындағы мал саны, малдың түрі, тұқымы, берілген квота мөлшері, әр жыл соңында шығарып отыру, сапасын тексеру. Малды қолмен ұрықтандыру жұмысында әр әкімшіліктегі пункттер бойынша ай сайын қорытындысын шығарып отыру. Үкіметтің беріліп жатқан көмегін алып беруді ұйымдастыру. Инвестиция мал шаруашылығына тарту, жаңа технология пайдалану. Сүт, ет, жүн, тері класстерлерді ұйымдастыру, еңбек өнімділікті өндірісінің көлемін өңделген өнімді жыл сайын екі есеге арттыру. Ауыл шаруашылығы құрылымдардағы малдың өнімін молайтып, озық тәжірибиелерді шаруашылықтарға жеткізу. Халықты мал өнімдерімен толық қамтып, оның бағасының тұрақтануына жұмыс жасау. Мемлекеттік тілді білу, компьютерлік бағдарламаларда жұмыс істей білу.

**Келесі құзыреттердің бар болуы тиіс:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі :** Ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 3 жұмыс күн аралығында. Ішкі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін 2 сағат бұрын кешіктірмей береді.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

**Ішкі конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:**

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) тиісті персоналды басқару қызметімен расталған қызметтік тізім.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

**Әңгімелесу өтетін орны:** Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Головацкий көшесі №129

**Конкурс комиссиясының отырысына бақылаушылардың қатысуына қатысты ақпарат:**

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде Панфилов ауданы әкімінің аппаратында өтеді. Конкурс комиссиясының отырысына бақылаушылар ретінде аудандық мәслихат хатшысы, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасының бірінші орынбасары, аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі және «Жаркент өңірі» газетінің бас редакторы және тілшілері қатысады.

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мекен жайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ ж.

